

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 желтоқсандағы N 1319 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) "Теңізшевройл" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - ТШО) ТШО мен "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Қазақойл" ҰМК) арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында сатып алғаны үшін өтеуді төлеуге қатысты Қарыз туралы шарт және ТШО, "Қазақойл" ҰМК және "Трансошен Шеврон Компани" компаниясы арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасында ақша қаражатын беру туралы сұрау салуларға ақы төлеуге қатысты Қарыз туралы шарт бойынша (бұдан әрі бірлесіп - Қарыздар туралы шарттар) Қарыздар туралы шарттар бойынша негізгі борыштың және осы қаулы күшіне енген күнге көрсетілген қарыздар бойынша есептелген және капиталдандырылған пайыздар сомасына мемлекет салымының мөлшеріне Қоғамның жарғылық капиталына борыштардың талап ету құқықтарын заңнамада белгіленген тәртіппен қосу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қоғам (келісім бойынша) заңнамаға сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы, ТШО, "Теңізмұнайгаз" өндірістік бірлестігі, "Трансошен Шеврон Компани" және "Шеврон Оверсиз Компани" компаниялары арасында жасалған 1993 жылғы 2 сәуірдегі Жоба бойынша келісімге (кейінгі өзгерістермен және толықтырулармен бірге) сәйкес берілген пропан-бутан фракциясы мен жеңіл көмірсутегілердің кең фракциясының көлемі үшін берешекті дисконттау туралы қол жеткізілген уағдаластықтарды ескере отырып, Қарыздар туралы шарттар бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақша қаражатының есебінен қазақстандық тараптың ТШО алдындағы берешегін өтеу жөнінде қажетті шараларды қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша Қарыздар туралы шарттар бойынша берешекті, өтеу есебіне түсетін ақша қаражатына билік етуді
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру комитеті және Қоғам (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын өзге
де ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы
қызметінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы
16 сәуірдегі N 497 қаулысының 1-тармағы 2) тармақшасының күші жойылды деп
т а н ы л с ы н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК